

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2020 жылдың 29 маусымы

### Директорлар кеңесі KASE Басқармасының құрамын үш жылға анықтады

Қазақстан қор биржасы (KASE немесе Биржа) Директорлар кеңесінің KASE Басқармасының құрамын үш жылға анықтағаны туралы хабарлайды.

Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен KASE Басқармасының келесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі 2023 жылдың 01 шілдесіне дейін ұзартылды:

- Алдамберген А.Ө., Басқарма Төрағасы;
- Сабитов И.М., Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Хорошевская Н.Ю., Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Цалюк А.Ю., Басқарма Төрағасының орынбасары.

Директорлар кеңесінің осы шешімімен Басқарма мүшесі, бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директор Қ.Ж. Тұрмағамбетовтың өкілеттік мерзімі өтуіне байланысты, KASE Басқармасының құрамына Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына басқарушы директор – KASE Сауда-саттық департаментінің директоры Е.Б.Мажекенов үш жыл мерзімге сайланды.

Аталмыш шешімдерді ескере отырып, KASE Басқармасының құрамы үш жыл өкілеттік мерзімімен бес адамнан анықталды:

- Алдамберген А.Ө., Басқарма Төрағасы;
- Сабитов И.М., Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Хорошевская Н.Ю., Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Цалюк А.Ю., Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Мажекенов Е.Б., Басқарма Төрағасының орынбасары.

Қайрат Тұрмағамбетов 2016 жылы KASE командасына қосылды. Оның басшылығымен Биржаның эмитенттер мен инвесторлармен өзара іс-әрекетін тереңдету бойынша жұмыстар жүргізілді, әлеуетті және жұмыс істейтін эмитенттер мен инвесторларға кеңес беру бойынша тұрақты іс-шаралар енгізілді, жергілікті атқарушы билік органдарымен, өндірістік бірлестіктер мен еліміздің ЖОО-мен байланыс орналатылды, жаңа өнімдер мен құралдарды енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді, атап айтқанда "Private Market" алаңы құрылды.

Қайрат Тұрмағамбетовтің белсенді қатысуымен Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қорымен ынтымақтастық туралы меморандум жасалып, оның аясында Қазақстанның барлық аймағында әлеуетті эмитенттер мен инвесторларға кеңес беру, қаржы сауаттылығын арттыру және KASE қызметі туралы ақпарат алуды кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілді.

"Қайрат Тұрмағамбетовке KASE дамуына қосқан жеке үлесі үшін, Биржаның Қазақстан Республикасының аймақтарында қаржылық сауаттылық және биржалық құралдар мен қызметтер туралы кәсіпкерлік қауымдастығын ақпараттандыруда байланысын нығайту

бойынша жүргізген жұмыстары үшін алғысымызды білдіреміз", – деп атап өтті KASE Директорлар кеңесінің Төрағасы Әлия Молдабекова.

"Қайрат Тұрмағамбетов KASE жұмыс істеген уақытында Биржаның қаржылық сауаттылығы арттыруға қатысты жобаларына белсенді ат салысты, жаңа құралдарды KASE орналастыру және листингтік компаниялармен өзара әрекет ету, сондай-ақ нарықта қаржы тартуға қатысты мүдделі компаниялармен өзара әрекет етуде еңбек сіңірді. Оның басшылығымен KASE кәсіби бірлестіктермен, кәсіптік жоғары білім беру мекемелерімен, "Атамекен" ҰҚП және "ДАМУ" қорымен жұмыстар дұрыс жолға қойылды. Биржа ұжымы атынан Қайрат Тұрмағамбетовке әрі қарайғы еңбек жолында табыс тілейміз", – деп Биржа Басқармасының Төрағасы Алина Алдамберген атап өтті.

KASE Басқармасы Төрағасының орынбасары болып сайланған Ермек Мажекенов, Қазақстан Республикасының қаржы нарығында тәжірибесі мол маман. Ол өзінің еңбек жолын 1995 жылы бастап, соңғы жылдары KASE Сауда-саттық департаментін басқарды, 2018 жылдан бастап KASE Басқарушы директоры – Сауда-саттық департаментінің директоры болды. "Еңбек сіңірген қаржыгер" орденімен және теңгенің 20 жылдығына арналған мерейтойлық медалімен марапатталды.

Директорлар кеңесінің және Биржа Басқармасының құрамы KASE интернет-сайтында [http://www.kase.kz/ru/kase\\_management](http://www.kase.kz/ru/kase_management) мекен-жайында жарияланды.

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

KASE жергілікті және шетелдік қатысушылар үшін айқын инвестициялық ортаны қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның экономикалық өсуіне себептеседі.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz).